

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде әскери кафедра құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 1 қыркүйек N 1282

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері үшін Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің студенттері қатарынан запастағы офицерлерді даярлау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде аталған университеттің қаражаты есебінен әскери кафедра құрылсын.

2. Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі Қорғаныс министрлігімен бірлесіп осы қаулыны іске асыру жөнінде заңдарда көзделген ш а р л а р д ы қ а б ы л д а с ы н .

3. "Жоғары оқу орындарының студенттерін (курсанттарын) запастағы офицерлер бағдарламасы бойынша әскери даярлау туралы, жоғары оқу орындары жанындағы әскери кафедралар туралы ережелерді және запастағы офицерлер бағдарламасы бойынша студенттердің (курсанттардың) әскери даярлығы белгіленген жоғары оқу орындарының тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 3 қазандағы N 1094 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 40, 439-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) көрсетілген қаулымен бекітілген Жоғары оқу орындарының студенттерін (курсанттарын) запастағы офицерлер бағдарламасы бойынша әскери даярлау туралы е р е ж е д е :

17-тармақтың үшінші абзацында:

"әскери кафедрадағы" деген сөздер "әскери кафедралардағы" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

"Қ.А.Яссауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университеті" деген сөздерден кейін "Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің" деген с ө з д е р м е н т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

"Жоғарыда аталған университеттің" деген сөздер "жоғарыда аталған университеттердің" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

2) < * >

Ескерту. 2)-тармақшаның күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.05.24. N 449 (қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

